

"Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 31 қазандағы № 678 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 қазанда № 30357 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 480 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 22.12.2025 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16463 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшы куәлігінің нысаны осы бекітілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерін беру қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрілігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрілігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі

С. Брекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі
2022 жылғы 31 қазандағы
№ 678 Бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
– Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 2 ақпандағы
№ 60 бұйрығына
1-қосымша

Нысан

№ _____ аңшы куәлігі

көлемі 3x4 сантиметр фотокарточка аға арналған орын	_____

	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

	Туған күні _____ жылғы " ____ " _____
	— Аңшы өтілі _____ жылдан бастап
	.

Куәлікті берген _____

(аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығының атауы)

_____ (аңшы куәлігін берген электрондық цифрлық қолтаңба, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Аңшылық минимумы бойынша тестілеуден өткені туралы белгі _____

_____ Берілген күні 20__ жылғы " __ " _____. 20__ жылғы " __ " _____. дейін жарамды.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі
2022 жылғы 31 қазандағы
№ 678 Бұйрыққа
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
– Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 2 ақпандағы
№ 60 бұйрығына
4-қосымша

Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерін беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, "Аңшы куәлігін беру" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін және балықшы және қорықшы куәлігін беру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға сәйкес жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аңшы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аң аулау құқығын алған жеке тұлға;

2) аңшы куәлігі – жеке тұлғаның аң аулау құқығын куәландыратын белгіленген нысандағы құжат;

3) аңшылық минимумы – Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының, аң аулау кезіндегі қауіпсіздік техникасының мәселелерін қарайтын оқыту бағдарламасының арнайы қысқаша курсы, оны білу аңшы куәлігін беру үшін міндетті шарт болып табылады;

4) балықшы – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде өзінің еңбек міндеттеріне байланысты балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды жүзеге асыратын балық шаруашылығы субъектісінің қызметкері;

5) балықшы куәлігі – балықшы функцияларын жүзеге асыруға жеке тұлғаның құқығын куәландыратын, балық шаруашылығы субъектісі берген белгіленген нысандағы құжат;

6) балық шаруашылығы субъектісі – қызметінің негізгі бағыты балық шаруашылығын жүргізу болып табылатын жеке және заңды тұлға;

7) қорықшы – бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асыратын қорықшылық қызметтің арнайы уәкілетті адамы;

8) қорықшы куәлігі – қорықшының құқығын куәландыратын белгіленген нысандағы құжат.

2-тарау. "Аңшы куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Аңшы куәлігі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша он жыл мерзімге беріледі.

5. Аңшы куәлігін алуға мүдделі көрсетілетін қызметті алушы "Аңшылық минимумын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/95 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7545 болып тіркелген) бекітілген аңшылық минимумына оқытылады.

Аңшылық минимумын оқыту аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы аңшылық минимум курсын аяқтағаны туралы сертификат (бұдан әрі – сертификат) алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 18-03/57 "Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығының аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері

қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығының аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10415 нөмірімен тіркелген) сәйкес тестілеуден өтеді

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) баяндалған.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттардың көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызмет берушінің қарауына жібереді. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Аңшы куәлігін бірінші рет алған болса, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілген мерзімде толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) "жеке кабинетіне" өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және аңшы куәлігін немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Аңшы куәлігін ауыстыратын болса көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және аңшы куәлігін не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтініштің Қағидалардың талаптарына сәйкестік фактісі анықталған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде аңшы куәлігін дайындайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер Тізбеде баяндалған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады және сонда сақталады.

7. Аңшылар куәліктерінің тізілімі порталда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

8. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушының әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы көрсетілетін қызметті алушыға белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

9. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.

4-тарау. Балықшы куәлігін беру тәртібі

10. Балық шаруашылығы субъектісі қызметкерге еңбек шартының қолданылу кезеңінде балықшы куәлігін беруді жүргізеді, ол өз қызметін жүзеге асыру кезінде куәліктің тиісті түрде сақталуын, оның өзімен бірге тұрақты болуын және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың талабы бойынша оны көрсетуді қамтамасыз етеді.

11. Балықшы куәлігінің негізінде қызметкер еңбек шартына сәйкес бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында (су айдындарында) және (немесе) учаскесінде (учаскелерінде) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды жүзеге асырады.

12. Балық шаруашылығы субъектісі мен балықшы арасында жасалған еңбек шарты бұзылған кезде балықшы куәлігін кейіннен жойып, балық шаруашылығы субъектісі алып қоюға жатады.

13. Балықшы куәлігі жоғалған немесе жарамсыз күйге келтірілген (бүлінген) кезде балық шаруашылығы субъектісі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш негізінде оның телнұсқасын береді.

5-тарау. Қорықшы куәлігін беру тәртібі

14. Аңшылық және балық шаруашылығы субъектілері бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау функцияларын жүзеге асыратын қорықшылық қызметтің қызметкерлеріне қорықшы куәлігін береді.

15. Егер қорықшы куәлігі жоғалған немесе жарамсыз (бүлінген) болған жағдайда, қорықшы куәлігінің телнұсқасы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш негізінде беріледі.

16. Қорықшы жұмыстан босатылған кезде куәлік аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектілеріне қайтарылады.

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәліктерін беру қағидаларына
1-қосымша

"Аңшы куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Аңшы куәлігі не дәлелді бас тарту Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады және сонда сақталады.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға ақылы көрсетіледі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 615-бабының 1) тармақшасына сәйкес аңшы куәлігін (аңшы куәлігінің телнұсқасын) бергені (қайта ресімдегені) үшін төлемақы-2 АЕК.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	1) осы Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті; 2) сертификаттың электрондық көшірмесі (аңшы куәлігін бірінші рет алған жағдайда). Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, аңшы куәлігін (аңшы куәлігінің төлнұсқасын) беру (қайта ресімдеу) үшін төлем туралы құжатты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілетін хабарлама жіберіледі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген	Заңның 19-1-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады: 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;

	мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электронды нысан түрінде ЭЦҚ болған жағдайда ала алады. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Заңның 23-бабы 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрілігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті көрсетілетін қызметті берушілерге мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерін беру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Өтініш

Тегі _____

Аты _____ әкесінің аты (бар болса) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Үйінің мекенжайы, телефоны _____

_____ директорына
(аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің

республикалық қауымдастығының атауы)

Аңшы куәлігін ауыстыру үшін ұсынылады № _____,

берілген _____

— (берілген күні және аңшы куәлігін берген ұйымның атауы (оны ауыстырған жағдайда).

Аңшылық минимумы бойынша бағдарлама курсы аяқтағаны туралы сертификат 20 жылғы " __ " _____ (аңшы куәлігін бірінші рет алған жағдайда).

_____ / _____ /

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ЭЦҚ)

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәліктерін беру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Аңшы куәліктерінің тізілімі

№	Аңшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы	Аңшы куәлігінің нөмірі	Аңшы куәлігін беру / ауыстыру	Аңшы куәлігінің берілген/ ауыстырылған күні
1	2	3	4	5	6

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәліктерін беру қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Өтініш

Тегі _____

Аты _____ әкесінің аты (бар болса) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Үйінің мекенжайы, телефоны _____

_____ директорына

(аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектісінің атауы)

Қорықшы куәлігін ауыстыру үшін ұсынылады № _____,

берілген _____

(қорықшы куәлігін берген ұйымның атауы және берілген күні)

_____ / _____ /

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))